

АРАМСОЯУ – CUSCUTA


Орындаған:
Білісбеков А.

Арамсоюу (лат. *Cuscuta*) – шырмауықтар тұқымдасы, арамсоюулар тұқымдасына жататын бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Хлорофилі жоқ, паразитті түрде тіршілік етеді. Жер шарында тропиктік аймақтардан қоңыржай белдеулерге дейінгі жерлерде өсетін 170-тен аса түрі белгілі. Арамсоюу Қазақстанның барлық облыстарында кездеседі.





АРАМСОЯУДЫҢ 19 ТҮРІ БАР



Дала арамсоюуы - *Cuscuta campestris*



Қаратау арамсоюуы – *Cuscuta karatavica*



Арамсоюлар – тоғышарлық арамшөп. Олардың не тамыры, не жапырақтары болмайды және жіп тәрізді немесе бау тәрізді сабақ. Гүлдеген кезде сабақты тығыз гүл басып кетеді. Олар шашақгүл немесе тығыз шоқпарбас гүл шоғырын түзеді.





Гүлдері бес мүшелі болады. Гүл күлтесімен тостағаншасы біріккен күлтелі, қоңырлау немесе түтік пішінді болады. Әдетте аталықтары гүл күлтелерінің қалақша арасындағы ойыққа бекіген. Әр аталықтың астында қауыз (мөлдір жарғақ) пішінді және олардың орналасуы түрді анықтағанда қажетті маңызды белгі болып саналады. Жатыны жоғары, еркін, екі немесе бір аналық мойынды. Жемісі – қауашақ, онда 1-4 (көбінесе 4) тұқым түзіледі. Тұқым дөңгелек теріс пішінді, екі жалпақ бетті келеді. Тұқымның беті бедерлі болады.



Арамсоюлар суды және қоректік заттарды соруға және тұқым түзуге қабілетсіз, олар ие өсімдік арқылы тіршілік етеді. Арамсою сабағы өсімдікті орайды, оған арнаулы гаусториялары арқылы бекиді.



Тұқымдардың қарқынды өнуі топырақ ылғалдылығы мен температурасына және тұқымдардың пісіп жетілу дәрежесіне байланысты. Жартылай піскен және көк тұқымдар толық өскендерге қарағанда жылдам өнеді. Соңғылары топырақ ішінде ұзақ мерзім (8-10 жыл), малдардың ас қорыту жүйесінен өткенде өнгіштігін сақтайды. Ұсақ тұқымды арамсоюу 4 см дейінгі тереңдіктен өтеді.

Арамсоюудың ұрығы тамырша мен сабақшаға бөлінбеген, көбіне олар шиыршықталған жіп түрінде байқалады. Тұқым өне бастағанда ұрық түзеліп, тамыр түктері көмегімен топырақта орнығады, ұрықтың екінші бір ұшы айтарлықтай жіңішке, ол топырақ бетіне шығадыда баяу бұрала тұрып ие өсімдікті іздейді. Онымен түйіскен шақта өскін топырақтан байланысын үзеді және тоғышарлық тіршілікке көшеді.





КАРАНТИНДІК ШАРАЛАР ЖӘНЕ КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Агротехникалық шаралар:

- ✓ Арамсоюмен оңтайлы немесе аздап залалданбайтын дақылдар (дәнді-дақылдар, күнбағыс, асқабақ тұқымдастар және басқалар) және аздап заладанатын және таза сүрі жер танабы жүргізілген ауыспалы егіс тәртібін дұрыс сақтау;
- ✓ Таза сүрі жерді өңдеу;
- ✓ Сүдігер жырту;
- ✓ Көктемде егіс себер алдында 2-3 рет қопсыту, ал суармалы жерде өндіргіштік суарумен сәйкестіре атқару;
- ✓ Дақылдарды күтіп баптау (арамшөптерді жою, қатараралықтарды өңдеу, т. б.);
- ✓ Залалданған егістегі арамсоюу ошақтарын гүлдегенге дейін ору;
- ✓ Шабылған өсімдікті жинап, егістіктен бөлек жерде өртеу;
- ✓ Көп жылдық шөптегі және өңделмейтін жерлердегі (жол, көше, темір жол жиектері) арамсоюдуды гүлдегенге дейін жиі және төмен етіп шабу

- ✓ Суармалы жерлерде жоңышқаны шапқаннан кейін арамсоюддың көгін шынжырлар арқылы жою. Бұл жұмыс шабар алдында атқарылады;
- ✓ Мәдени дақылдарды жинау алдында арамсоюу ошақтарын бөлек шауып құрту;
- ✓ Бақтарда, жүзімдіктерде заладанған өркендерді арамсоюу гүлдегенге дейін кесу;
- ✓ Дің шеңбері айналасындағы топырақты таза ұстау;
- ✓ Қатараралықтарды қопсытып тұру және заладанбайтын дақылдарды (дәнді-дақыл, бұршақ, люпин) себу;

Химиялық шаралар:

- Жіңішке сабақты арамсоюға қарсы жоңышқа тұқымдығында 3-4 нағыз жапырақ фазасында дақылдың қатараралықтары тоғысқанша керб-50 гербицидін



Реглонды жоңышқа өсіп жетілгенше



Пивот пен раундапты жоңышқаны бірінші шабудан 7-10 күннен кейін;



Сол сияқты жол жиектерін, бос жерлерді арамсоюу өсіп тұрған кезде кусцид гербицидін бүрку

